

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы

**2022-2023 оқу жылына арналған музыкадан
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Музыка жетекшісі Болатбаева С.Б.

Балабақша меңгерушісі:

З.Б.Кулмаганбетова

Балабақша әдіскері:

Н.Нұрғалиева



«Ақбота» кіші тобында музыкадан ұйымдастырылған іс әрекетінің тақырыптық жоспары

Айы	ҮІӨ	ҮІӨ міндеттері
қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айту Әр айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау, музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру; қол ұстасып, жұптасып шеңбермен жүру.
қазан		Музыка тыңдау Музыка тыңдауға және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айту Ересекпен қосылып ән айту, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айкайламай айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу.

қараша		Музыка тыңдау Музыканы эмоционалды көңіл-күймен . Ән айту Әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге). Музыкалық –ырғақтық қозғалыстар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүреді және жүгіреді.
желтоқсан		Музыка тыңдау Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер). Ән айту Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады. Музыкалық –ырғақтық қозғалыстар Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады, жүрелеп отырады, аяқтарын қозғайды, айналады; денені оңға, солға бұрады, басты оңға, солға иеді, қолдарды сермейді.
қаңтар		Музыка тыңдау Қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады. Ән айту Ересектің дауыс интонациясы мен аспапты тыңдап, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтады. Музыкалық –ырғақтық қозғалыстар Жаттығулар мен билерде музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдан ауысады.

Ақпан		Музыка тыңдау Бұрын естіген әндерді таниды. Ән айту Әнді уақытында бастап және аяқтап, озып кетпей, қалып қоймай, кідірісті сақтап айтады. Музыкалық –ырғақтық қозғалыстар Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналайды.
наурыз		Музыка тыңдау Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша таниды. Ән айту Әнде қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып айтады. Музыкалық –ырғақтық қозғалыстар Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындайды.
сәуір		Музыка тыңдау Музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ), қазақ халқының ұлттық аспаптары (асатаяқ, сырнай). Ән айту Әнді жеке және топпен айтады, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізеді. Музыкалық –ырғақтық қозғалыстар Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсетеді.
мамыр		Музыка тыңдау Музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ), қазақ халқының ұлттық аспаптары (асатаяқ, сырнай). Ән айту Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындайды. Музыкалық –ырғақтық қозғалыстар Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде аспаптарда ойнайды. (ересектердің қатысуымен)

«Күншуақ» ортаңғы тобында музыкадан ұйымдастырылған іс әрекетінің тақырыптық жоспары

айы	ҰІӨ	ҰІӨ міндеттері
Қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. Ән айту Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.
Қазан		Музыка тыңдау Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Ән айту Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау.
Қараша		Музыка тыңдау Музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген. Ән айту Сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді) Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды. (сыбызғы, металлофон)

Желтоқсан	Музыка тыңдау Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақ соғады(музыкалық балға,сылдырмақ,барабан,металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай). Ән айту Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыкаға сәйкес қимылдарды өз бетінше бастап аяқтайды. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды. (қоңырау, сылдырмақ)
Қазан	Музыка тыңдау Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды. Ән айту Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасыны диапазонында ән айтады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Би қимылдарын орындайды: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіреді. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындайды. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыка аспаптарын біледі (маракас және барабан).
Ақпан	Музыка тыңдау Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдайды. Ән айту Дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратады(октава шегінде),әуеннің басталуы мен аяқталуын біледі. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптардың: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанның дыбыстарын ажыратады,ойнайды.

Наурыз	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстырады. Ән айту Дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратады(октава шегінде),әуеннің басталуы мен аяқталуын біледі.Әнді мәнерлеп,сипатына сай орындайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі,орындайды.
Сәуір	Музыка тыңдау Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады, атайды. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдайды. Ән айту Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық -ырғақтық қозғалыстар Ойындарға,хор айтуға қатысады,таныс би қимылдарын қайталайды. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнайды.
Мамыр	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) ажыратады. Ән айту Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып,жеңіл әндерді сүйемелдейді.

«Балапан» ересек тобында музыкадан ұйымдастырылған іс әрекетінің тақырыптық жоспары

Айы	ҮІӨ	ҮІӨ міндеттері
Қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау Өртүрлі сипаттағы,қарқындағы музыканы қабылдау,музыкаға деген өзіндік қатынасын,ол туралы пікірін айту. Ән айту Әуенді дұрыс,нақты интонациялау,сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Би қимылдары,ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық аспапта ойнау Фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.
Қазан		Музыка тыңдау Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атау. Ән айту Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру,дауыстап және төмен дауыспен ән салу,қол қозғалысымен көрсету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Марш сипатын ырғақты жүріспен беру.

Қараша		Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды). Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді. Музыкалық аспапта ойнау Таныс әндерді балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарда орындайды.
Желтоқсан		Музыка тыңдау Таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады. Ән айту Әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды
Қаңтар		Музыка тыңдау Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажыратады (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды. Әуенді таза және сөздерді анық айтады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың ырғағын нақты береді, қос аяқпен еркін және жеңіл секіреді. Музыкалық аспапта ойнау Балалар музыкалық аспаптарында ойнайды.
Ақпан		Музыка тыңдау Әндерді иллюстрациямен салыстырады және қимылдармен көрсетеді. Ән айту Әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды. Музыкалық аспапта ойнау Асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.

Наурыз		Музыка тыңдау Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды. Ән айту Әртүрлі сипаттағы әндерді орындайды, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын көрсетеді. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді.. Музыкалық аспапта ойнау Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнайды.
Сәуір		Музыка тыңдау Музыка жанрларын анықтайды. Тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Ұлттық би өнеріне қызығушылық танытады, би қимылдарын орындайды. Музыкалық аспапта ойнау Балалар музыкалық аспаптарын таниды және атайды.
Мамыр		Музыка тыңдау Музыканың биге тән сипатын қабылдау. Ән айту Фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытады. «Қамажай» биін билейді. Музыкалық аспапта ойнау Шулы оркестрде ойнайды.

